

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МЕКТЕБІ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
«ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
ВЫСШАЯ ШКОЛА ОБРАЗОВАНИЯ
КАФЕДРА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА**

**РГКП «НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР ФИЗИЧЕСКОЙ
КУЛЬТУРЫ» МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН
МОНИТОРИНГІЛЕУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ: ҚИЫНДЫҚТАР,
ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАР**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
материалдарының жинақтары**

27 мамыр 2025 жыл

**ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К МОНИТОРИНГУ ЗДОРОВЬЯ ДЕТЕЙ И
ПОДРОСТКОВ: ВЫЗОВЫ, РЕШЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

**Сборник материалов
международной научно-практической конференции**

27 мая 2025 года

Астана, 2025

УДК 613.955
ББК 51.28
Б22

ОРГАНИЗАЦИОННЫЙ КОМИТЕТ
международной научно-практической конференции «Инновационные подходы к
мониторингу здоровья детей и подростков: вызовы, решения и перспективы»

Председатель:

Отаралы С.Ж. – PhD кафедры физической культуры и спорта Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева

Заместитель председателя:

Тунгышмуратова Л.С. – магистр, старший преподаватель кафедры физической культуры и спорта Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева

Члены оргкомитета:

Марчибаева У.С. – к.п.н., доцент кафедры физической культуры и спорта Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева

Салиева А.Ж. – к.п.н., доцент, заведующий кафедрой физической культуры и спорта Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева

Аликей А. – магистр, старший преподаватель кафедры физической культуры и спорта Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева

Люфт М. – магистрант, кафедры физической культуры и спорта Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева

Ерданова Г. – PhD, старший преподаватель Казахской Академии спорта и туризма

Сайдагали Д.С. – магистр, Казахский национальный университет им. аль-Фараби

«Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын мониторингілеудің инновациялық тәсілдері: қиындықтар, шешімдер және перспективалар» ғыл. - тәжіриб. конф. жинақтары. «Инновационные подходы к мониторингу здоровья детей и подростков: вызовы, решения и перспективы»: материалы межд. науч. - практ. конф. - Астана, ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2025.- 74 стр.

ISBN 978-601-385-111-2

В сборнике международной научно-практической конференции «Инновационные подходы к мониторингу здоровья детей и подростков: вызовы, решения и перспективы» (в рамках реализации научного проекта грант № АР 19677800 «Мониторинг физического здоровья детей и подростков: модификация национальных измерительных инструментов» КН МНВО РК), представлены доклады участников и научные статьи ученых, магистрантов, докторантов, молодых ученых, практиков по актуальным вопросам мониторинга физического здоровья детей и подростков.

© Отаралы С.Б., Марчибаева У.С., Салиева А.Ж.,
Аликей А., Тунгышмуратова Л.С., Люфт М.,
Ерданова Г., Сайдагали Д.С., 2025

СОДЕРЖАНИЕ

Пленарное заседание		Стр.
1	Приветствие участников конференции Директора Высшей школы образования ЕНУ имени Л.Н.Гумилева - Сомжүрек Баубек Жұмашұлы	6
2	Приветственное слово Генерального директора Национального научно-практического центра физической культуры Министерства Просвещения РК - Ташметова Армана Бахытжановича	6-7
Секционное заседание		
Секция 1. Балалар мен жасөспірімдердің физикалық денсаулығы: қазіргі заманғы қиындықтар мен перспективалар		
Секция 1. Физическое здоровье детей и подростков: вызовы современности и перспективы		
3	B. Dauletov, F. Sobirjonov MODERN TRENDS IN DESIGNING THE ANNUAL TRAINING CYCLE IN CYCLIC SPORTS	8-11
4	B. Dauletov RATIONAL DISTRIBUTION OF TRAINING LOADS BY INTENSITY ZONES FOR KAYAK AND CANOE PADDLERS	15-20
5	Аликей А., Потенлюнене С.В., Отаралы С.Ж., Андрущишин И.Ф., Сайдағали Д. ПОРЯДОК ОПРЕДЕЛЕНИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ РАБОТОСПОСОБНОСТИ УЧАЩИХСЯ, ОБУЧАЮЩИХСЯ ПО ПРОГРАММАМ НАЧАЛЬНОГО, ОСНОВНОГО И СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ ЛИТВА	21-26
6	Аликей А., Отаралы С.Ж., Салиева А.Ж., Тунгышмұратова Л.С., Люфт М. В. СИСТЕМЫ МОНИТОРИНГА ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВЛЕННОСТИ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ В СТРАНАХ БЛИЖНЕГО И ДАЛЬНЕГО ЗАРУБЕЖЬЯ	27-31
7	Анарбаев А.К., Анарбаева Д. А. ПРОБЛЕМА ИНДИВИДУАЛИЗАЦИИ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ШКОЛЬНИКОВ	26-30
8	Анарбаев А.К., Анарбаев М. А. ИНДИВИДУАЛЬНЫЙ ПОДХОД В ТАКТИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКЕ ЮНЫХ БОРЦОВ	31-35
9	Балгимбеков Ш.А. ОСОБЕННОСТИ ФИЗИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ СЛУХА	35-37
10	Балгимбеков Ш.А. ЖАСӨСПІРІМ СПОРТШЫ ҚЫЗДАРДЫҢ ВЕГЕТАТИВТІК ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ	37-40
11	Ботағариев Т.А., Кубиева С.С., Тахауиева У. А. ПРИЧИНЫ, ХАРАКТЕРИЗУЮЩИЕ СТЕПЕНЬ ФИЗИЧЕСКОЙ ГОТОВНОСТИ УЧАЩИХСЯ СРЕДНЕГО ЗВЕНА ШКОЛЫ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ТИПА	41-45
12	Ижанов Ж.Т., Сейсенбеков Е.К., Бисариев И.Б., Рукасов О.Н. ФУТБОЛ ҮЙРМЕСІ УАҚЫТЫНДАҒЫ БОДИФЛЕКСПЕН АЙНАЛЫСУ КЕЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АҒЗАСЫНА	45-48

	ДИАФРАГМАЛЫҚ ТЫНЫС АЛУ ӨДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
13	Женсеханов А.М., Саматова К.Т. НАЦИОНАЛЬНЫЕ СИСТЕМЫ МОНИТОРИНГА ФИЗИЧЕСКОГО ЗДОРОВЬЯ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ: ВЫЗОВЫ И СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К РЕШЕНИЮ В КАЗАХСТАНЕ	48-51
14	Марчибаева У.С., Салиева А.Ж., Тунғышмұратова Л.С., Моисеева Н.А., Темирова А.К. МЕТОДОЛОГИЯ ОЦЕНКИ И ТЕСТИРОВАНИЯ ФИЗИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ШКОЛЬНИКОВ: К РАЗРАБОТКЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ СТАНДАРТОВ	51-55
15	Мейрханова З.Д. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕТТЕРІ	55-59
16	Мухамбет Ж.С., Абылайханова А.Н. ОСОБЕННОСТИ МЕТОДИКИ ПОДГОТОВКИ КАЗАХСТАНСКИХ КЁРЛИНГИСТОВ ВЫСОКОЙ КВАЛИФИКАЦИИ К МЕЖДУНАРОДНЫМ СОРЕВНОВАНИЯМ	59-62
17	Мырзаев М.О., Ибраев Е.Г., Мамыркулов Р.К., Жалел А. ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ РАННЕЙ ДИАГНОСТИКИ ТРЕВОЖНЫХ И ДЕПРЕССИВНЫХ СОСТОЯНИЙ У СТУДЕНТОВ	62-64
18	Сарсекеев Г.М., Төребаев Б., Айткалиева Ұ.З., Төлегенов Е.Қ. СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ЗДОРОВЬЯ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	64-68
19	Серикбаев Б.Т. БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ: ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР	68-70
20	Сирлибаев М.К., Жапарова Б.М., Аяпбергенова Г.С. БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	70-74
21	Срымов Р.М. СИСТЕМНЫЙ ПОДХОД К ОТСЛЕЖИВАНИЮ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ – ВАЖНЫЙ ШАГ НА ПУТИ К ФОРМИРОВАНИЮ ЗДОРОВОГО ПОКОЛЕНИЯ	74-77
22	Сұлтанов Б.Е., Мұхамбет Ж.С. ВЛИЯНИЕ СОТРУДНИЧЕСТВА С ТРЕНЕРОМ НА КАРЬЕРУ И ДОСТИЖЕНИЕ СПОРТСМЕНА	77-80
23	Суярова А.И., Болдырева А.О. СОХРАНЕНИЕ И УКРЕПЛЕНИЕ ФИЗИЧЕСКОГО ЗДОРОВЬЯ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ЭПОХИ	80-83
24	Суярова А.И., Болдырева А.О., Сайдағали Д.С., Мадиева Г.Б. СИСТЕМА МОНИТОРИНГА ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВЛЕННОСТИ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ УЗБЕКИСТАНА	83-87
25	Танаев Қ.Т., Мамыркулов К.К. ВОЛЕЙБОЛДАҒЫ СПОРТТЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ	87-89

26	Танаев Қ.Т., Мамыркулов К.К. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТТЫҢ РӨЛІ	90-93
27	Танаев Қ.Т., Қожаскелді М.М. СПОРТ ПЕДАГОГИКАСЫ ҒЫЛЫМИ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ	93-96
28	Тасболат Ж., Бөжиг Ж. ФУТБОЛДАҒЫ СПОРТТЫҚ ІРІКТЕУДІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ	96-104
29	Ташкеев Д.С., Ключкина Е.И., Лиховец И.И., Волков О.А. СТРАТЕГИИ ВОВЛЕЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ 1 И 2 КУРСОВ НА ЗАНЯТИЯ ПО ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ	104-111
30	Темиргалиева С.Е., Усина Ж.А., Куватов А.Ж., Айгужинова Г.З., Ерофеева Р.Ж. ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК-ЕРІКТІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ӘСЕРІ	111-116
31	Төлегенов А.И., Сейданова А.Д. ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ МӨРТЕБЕСІ	116-120
32	Усина Ж.А., Усин Г.А., Усин К.А., Усина А.А. ФИЗИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ В КАЗАХСТАНЕ: ВЫЗОВЫ СОВРЕМЕННОСТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ	120-123

(397). — С. 251-253.

3. Кузнецова В.Е., Дедух А.А. Мотивация студентов к занятиям физической культурой и спортом в современных условиях // Экономика и менеджмент инновационных технологий. 2022. № 1

4. Стриханов, М. Н. Физическая культура и спорт в вузах: Учебное пособие / М. Н. Стриханов, В. И. Савинков. — 2-е изд., перераб. и доп. — Москва: Издательство Юрайт, 2020. — 160 с.

5. Челнокова, Е.А. Формирование мотивации студентов к занятиям физической культурой и спортом в высшей школе / Е.А. Челнокова, Н.Ф. Агаев, З.И. Тюмасева // Вестник Минского университета. — 2018. — № 1. — С. 6-21.

6. Полетаева, А. Привычка здоровой жизни /А. Полетаева. - СПб.: Питер. 2019. – 144 с.

7. Физическое воспитание как средство профессиональной подготовки и карьерного роста современного студента: учеб. пособие / А. П. Попович, Г. И. Мехович, О. В. Прохорова [науч. ред. Е. С. Набойченко] / М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. - Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2018. – С. 50-51

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК-ЕРІКТІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ӘСЕРІ

Темиргалиева Самал Ермухамбетовна

аға оқытушы, Торайғыров университет, Павлодар қ., Қазақстан

Усина Жанар Амангельдиновна

профессор, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана қ., Қазақстан

Куватов Аскар Жолдасбекович

аға оқытушы, Торайғыров университет, магистр, Павлодар қ., Қазақстан

Айгужинова Гульмира Зейнуллиновна

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,

Павлодар қ, Қазақстан

Ерофеева Рената Жаудатовна

профессор, Торайғыров университет, Павлодар қ., Қазақстан

Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие жүйесіндегі балалардың дамуы.

Мектеп жасына дейінгі балалық шақ — адамның тұлғалық қасиеттері қалыптасатын, әлемді тануға алғашқы қадамдар жасалатын маңызды кезең. Бұл жаста балалар қоршаған ортаны ойын арқылы танып, өзін-өзі көрсетуге бейім болады. Осыған байланысты ойынның тәрбиелік ықпалы ерекше. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ойындары — жас ұрпақтың тәрбиесіне ықпал ететін баға жетпес мұра. Ұлттық ойындар арқылы бала туған елінің салт-дәстүрі, тілі мен мәдениеті жайлы мағлұмат алады. Сонымен қатар, ойын баланың адамгершілік қасиеттерін (адалдық, шыншылдық, достық, көмектесу, сыйластық), еріктік сапаларын (табандылық, батылдық, шыдамдылық) қалыптастырып, оны өмірге бейімдейді. Жеке көзқарас — әрбір оқушыға жеке оқу жоспарын құру және қолдау көрсету. Қатысу — барлық оқушылар мектептің оқу процесіне толықтай қатысып, қоғамда өз орнын табуы керек. Серіктестік — педагогтар, ата-аналар, және басқа мамандар бірге жұмыс істеп, оқушыларға жан-жақты қолдау көрсетеді. Салауатты өмір салтының балалар арасында қалыптасуының маңызы өте зор. Салауатты өмір тіршілігі — денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізгі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, денедамуына әсер етеді.

Қазіргі уақытта денсаулық бірнеше түрлерге және құрамдас бөліктерге бөлінеді:

1. Тән денсаулығы — бұл адам мүшелері мен организм жүйесінің ағымдағы күйі. Мұның негізі онтогенездік дамудың әр түрлі кезеңдерінде басымдық көрсететін, базалық қажеттіліктерге негізделген жеке дамудың биологиялық бағдарламасынан құралады.

2. Дене денсаулығы — организм мен мүшелерінің өсуі мен дамуының деңгейі. Мұның негізі бейімделу реакцияларын қамтамасыз ететін морфологиялық және функциялық сақтамалардан құралады.

3. Жан денсаулығы — адамның психикалық өріс күйі. Қазақтың ұлттық ойындары жүгіру, секіру т.б. қимыл-қозғалыстарға бай. Ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру – жас ағзаның дұрыс та сергек өсуінің көзі болған және де балалар ойын ойнаған кезде ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты сонымен қатар, мінез-құлық ерекшеліктерін, білек-күшін, дененің сомданып шынығуын қалыптастырады. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, олардың мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Ұлттық ойындар - салауатты өмір салтын мұрат тұтқан арманшыл, елі мен жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән барлық қасиетті қадір тұтатын, дара тұлға – жаңа адамды тәрбиелеп шығарудың маңызды құралы. Ұлттық ойындар - ойын әрекеттері мәдениеттің жай ғана бір түрі емес, сонымен қатар балалар мен болашақ ұрпақты тәрбиелеудің аса тиімді құралы болып табылады.

Белгілі ғалым М.Мидтің пайымдауынша әр этностың мәдени мұралары ұрпақ болашағы үшін айрықша орны бар екенін тәжірибе жүзінде дәлелдеген [4, 428 б]. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық тәрбиенің міндеті атабабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруге баса көңіл бөлінеді.

Баланың дамып жетілуіне, адамгершілік қасиеттерінің артуына, психикасына да тигізетін әсері мол. «Бала ойынмен өседі» деген өмірлік қорытынды жасап, бала тәрбиесіне тілек етті. «Балалармен ойнайды, Ойнап жүріп ол бала, Кеудеде ақыл оймайды» - деген өлең жолдары да осының дәлелі. Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын, жерін, даму сатысын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін айқындап көруге болады.

Балаларға ұлттық ойындарды үйрету арқылы әділдікке, достыққа, сыйластыққа, кішіпейілділікке тәрбиелей отырып, яғни адамгершілік қасиеттері де қалыптастырылады. Басқа ойындар сияқты қазақтың ұлттық ойындар тәртібін бұлжытпай орындауы баланың ойын барысында тәртіп сақтауы, баланы осы кезден бастап тәртіпке, әділдікке, жинақылыққа баулиды, адал, қайырымды, өжет болуға тәрбиелейтін тәрбие көзі екендігін дәлелдейді. Ғалым Ж.Аймауытұлы әр жастағы балалардың өзіндік ерекшелігі болатынын, оларға қоршаған орта туралы жиі түсінік беріп тұрудың маңызды екендігін көрсетеді [1, 312б].

Негізгі

Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні.

Қазақтың ұлттық ойындары — тек қана көңіл көтеру құралы емес, сонымен қатар тәрбиенің негізі. «Сақина салу», «Асық ату», «Ақсерек-көксерек», «Тақия тастамақ», «Арқан тарту» сияқты ойындарда балалар топпен әрекет етуге, әділ болуға, бір-біріне көмектесуге дағдыланады. Мұндай ойындар барысында бала тәртіптілікке, сабырлыққа, төзімділікке тәрбиеленеді. Әсіресе топтық ойындарда балалар арасында өзара түсіністік, қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады.

Олар кезек күту, ережеге бағыну, өз ойын жеткізе білу, жеңісті де, жеңілісті де дұрыс қабылдау сынды маңызды дағдыларды меңгереді. Адамгершілік қасиеттерге мейірімділік, әділдік, шыншылдық, жауапкершілік, өзгені тыңдай білу жатады. Бұл қасиеттер баланың тұлғалық бейнесін қалыптастырады. Мысалы, ойын кезінде басқа балаға көмектесу, ренжітпеу, әділ ойнау сияқты әрекеттер арқылы бала адамгершілік тұрғысынан дамиды.

Ә.Диваев ұлттық ойындарды жан-жақты зерттей келіп, қазақ балаларының жас ерекшеліктеріне қарай ойындарды бір жасқа дейінгі нәресте, бір жастан жеті жасқа дейін

сәби, сегіз жастан он бес жасқа дейін жас өспірім, он алтыдан жиырма беске дейін жігіт жаста ойналлатын ойындар - деп төрт топқа бөліп қарастырды [2, 152б]. Ұлттық ойындар түрлі себептерге байланысты пайда болып отырған. Мәселен, «Аңшылар», «Марламкөш» ойындарында аңды жан-жақты қоршап аулау, топталып іздеу, жасырыну, қуу, қалай қолға түсіру анық бой көрсетсе, «Даусынан біл», «Шұқыма» ойындарының далада із кесу, түрлі дыбысты ажырата білу мақсатында пайда болғандығы байқалады.

Ойындардың енді бір тобы көшпелі тайпалардың өзара қақтығыстарын, жаугершілік дәуірінің бітімін, рулық қауымның жол-жорағысын өзінше қайталайды. Олардың қатарына «Жамбы ату», «Теңге ілу». «Тұтқын алу», «Қамалды қорғау», «Батыр», «Қыз қуу», «Ат үстіндегі тартыс», «Итеріспек» сияқты іс-әрекет ойындарын жатқызуға болады. Балаларды ептілікке, тапқырлыққа баулитын, отырып та, қозғалып та, жүріп те ойнайтын түрлері аса мол. Мәселен. «Үй артында қолағаш», «Соқыр теке», «Ұшты-ұшты», «Тымпи-тымпи», «Ақ серек, көк серек» сияқты ойындар да сөз, кейде іс-әрекетке жетекші, ал кейде қосалқы қызмет атқарады.

Ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып, балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде ұлттық ойындарды төмендегі бағыт бойынша тәрбие мен оқыту жұмыстарында қолдандық. ХХІ-ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі. Бізге экономикалық және құқықтық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет. Ал, білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ізгілендіру болып табылады.

Бала тәрбиесі әрқашанда күнделікті өмірдің ең басты да жауапты мәселесі ретінде қарастырылып келген. Ал қазіргі қоғамда ұрпақты жан-жақты дамыту, оны жеке тұлға ретінде жетілдіру ісіне айрықша көңіл бөлініп, бүкіл тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңарту көзделуде. С.Қалиұлы еңбегінде этнопсихология терминіне «Этнопсихология – халықтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі мен салттарындағы ұлттық сана сезімін, өмірге деген көзқарасын, өзіндік ойлау ерекшеліктерін зерттейтін ғылым» деген анықтама бере отырып, ұлттық психологияның ерекшеліктері салт-дәстүрлерден, әдет-ғұрыптардан көрініс табатынын, ұлттың ұлт болып қалыптасуыда маңызы зор екендігін көрсеткен.

Сонымен бірге ғалым ұлттық психологияның құрылымын үш бағытта қарастырған: ұлттық сана-сезім, салт-дәстүрлер және ұлттық мінез-құлық [3, 280 б]. Ұлттық ойындарды мектепке дейінгі ұйымдардың оқу тәрбие жұмысында пайдалану тәрбиешіден үлкен білімділікті, шеберлікті, соның нәтижесін көруге деген құштарлық пен төзімділікті, сабырлықты қажет етеді. Өйткені ол, бір күндік немесе бір жылдық іс-әрекеттің жемісі емес, ұзақ жылғы тірнектеп жиылған еңбектің жемісі болып табылады. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие жұмысына пайдалану педагогикалық жүйенің жалпы заңдылықтарына бағынады.

Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан-жақты тәрбиелік қасиетін шыңдай түседі. Қазақ зиялыларынан А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Жұмабаев және т.б. ойынның бала өміріндегі басты іс-әрекет екендігін атап көрсеткен. Ойынның тәрбиелік негіздерін адам баласының саналы ғұмыры басталғаннан әр кезеңде әр түрлі пікір айтып, өз ұрпақтарын

тәрбиелеп,білім беруде іске асыру мәселесін үзбей айтып келеді.Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын – сауықтарының бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан.

Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен денешынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығын жақсартуда пайдалы аса күшті екені баршаға аян. Балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Яғни, қазіргі заман ағымына қарай белсене қатысады. Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бір-ақ мысал ретінде: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ маторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз.Ойынды ойнау барысында балалардың жас ерекшелігі ескеріледі.Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары:



Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Ойын үстінде денеқимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез — құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған.

Қазақтың көне жыр- дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Мәселен «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сияқты эпостық жырларда елін сүйген батырлардың, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ер жігіттердің ең алдымен ұлттық ойындарда сайысқа түсіп, одан кейін көп кісі қатысқан ойын-сауықтарда өздерінің мергендік, палуандық, шабандоздық шеберліктерін көрсеткендері айтылады.

Ұлы педагогтар халық мұрасының,ұлттық колоритінің ,құндылықтардың қайталанбайтын түпнұсқалығын,тілдің,оның формалары мен мазмұнының ерекшелігін өсіп келе жатқан ұрпақтың танып,білуіне халықтық ойын арқылы жағдай жасау қажеттілігін жариялаған.Ұлттық ойындар арқылы моральдық құндылықтар қалыптасады, тапсырылған іске ұжым алдындағы жауапкершілік,достық сезімдер,мақсаттарға жету іс-әрекеттері,өзекті сұрақтарды шынайылықпен шешу жүзеге асырылады.

Ойын-барлық тәрбие нормаларының қайсысынан болса да жоғары тұрады,өйткені ол баланың тұрмыс-тіршілігін ұйымдастыруға,баланың белсенділігін арттыруға,өз бетімен әрекет етуге мүмкіндік береді. Қазақтың ұлттық ойындарының педагогикалық,психологиялық мәні А.Б.Бүркітбаев,Ә.Диваев,Т.Ш.Қуанышева, А.К.Меңжанова, М.Т.Тәнікеев, Б.Т.Төтенаев, М.Т.Тұрыскелдина, А.Қ.Айтпаева және т.б. еңбектерінде қарастырылады. Қазақ халқының Ұлттық ойындарын жинаушы этнограф

Ә.Диваев өзінің «Қазақ балаларының ойыны» деген еңбегінде оның балалар тәрбиесіндегі маңызын айта келіп, сол кездегі қалыптасқан әдет-ғұрып бойынша жас ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөледі. Н.Құлжанова еңбегінде мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерінің байланысы анықталып, бала танымының қалыптасуына көңіл бөлген[5,163 б].

Қазақ ойындар Сәбилер ойыны Бозбалалар ойыны Жігіттер ойыны С.Ұзақбаева, А.Айтпаева жасаған қазақтың халық айтқан классификациясы «Айтыс ойыны», «Жаңылтпаштар» , «Санамақ» , «Аңдардың айтысы» сияқты ойын балалардың тілге, импровизацияға, ақыл-ой әрекеттеріне қабілетін дамыту қызметтері арқылы көрсетіледі. Ұлы Абай «Адамның ерекше қасиеттері-ақыл-ой, сана-сезім, ішкі жан дүниесі, жоғары кәсіби-дәрежесі, шығармашылығы ұстаздан қалады»-деп тегін айтпаған. Олай болса, баланың бойындағы ерекше қасиетті, шығармашылықтың қабілетті ашу-тәрбиеге жүктелер жауапты міндет.

Зерттеу кезеңдері:

1. Дайындық кезеңі

Балалардың мінез-құлқына бастапқы бақылау жүргізу. Адамгершілік және еріктік қасиеттерді бағалауға арналған критерийлерді дайындау (мысалы: көмек көрсетуге ынта, ережеге бағыну, сабырлылық, шыдамдылық, әділеттілік). Ойын түрлерін жас ерекшелігіне сай таңдау.

2. Негізгі кезең (тәжірибелік)


Аптасына 2–3 рет арнайы ұлттық ойындарды өткізу. Әр ойын алдында және кейін балалармен әңгімелесу (ойын ережесі, тәртіп, достық, әділеттілік туралы). Төмендегі ұлттық ойындар қолданылады:

Ойын атауы	Қасиеттерді дамыту мақсаттары
• Ақ серек, көк серек • Арқан тартыс • Тақия тастамақ • Асық ату • Соқыр теке	• Тәртіп, топта жұмыс істеу, батылдық • Төзімділік, күш-жігер • Зейін, әділеттілік • Шыдамдылық, сенімділік • Сенім, достық

Ойын процесінде тәрбиеші балалардың қарым-қатынасын, эмоцияларын, тәртіпке бағынуын, қиындыққа реакциясын бақылайды.

3. Қорытынды кезең

Балалардың мінез-құлқындағы өзгерістерді бақылау нәтижелерімен салыстыру. Тәрбиеші мен ата-аналардан кері байланыс алу (сауалнама, әңгімелесу). Әр балаға жеке сипаттама жазып, қай қасиеттерінің дамығаны, қай бағытта жұмыс жалғастыру көрсетіледі.



Қорытынды

Қазақтың ұлттық ойындары – ата-бабаларымыздан қалған рухани мұра, тәрбиенің озық үлгісі. Бұл ойындар тек көңіл көтерудің құралы ғана емес, сонымен қатар жас

ұрпақтың бойына ұлттық сана-сезімді, адамгершілік қағидаттарды, ерік-жігер мен табандылықты сіңірудің бірегей тәсілі. Әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар үшін ұлттық ойындар – жан-жақты дамудың маңызды құралы болып табылады. Өйткені бұл кезең – баланың жеке тұлғасы қалыптасатын, мінез-құлық ерекшеліктері мен алғашқы өмірлік дағдылары қалыптасатын ең маңызды саты.

Зерттеу барысында ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік-еріктік қасиеттерін қалыптастыруға ықпалы зор екендігі айқындалды. Атап айтқанда, «Ақ серек, көк серек», «Арқан тартыс», «Сақина салу», «Тақия тастамақ» сияқты ойындар арқылы балалар бірін-бірі тыңдауға, сыйлауға, әділдік танытуға, тәртіп сақтауға, өзгенің қуанышы мен жеңісіне ортақтаса білуге үйренеді. Сонымен қатар, ойын барысында балалардың жауапкершілік, сабырлылық, батылдық, табандылық сияқты еріктік қасиеттері дамиды. Ұлттық ойындар арқылы балалар тек адамгершілік және еріктік сапаларды меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар тіл байлығы, қимыл-қозғалыс белсенділігі, логикалық ойлауы, зейіні және шығармашылық қабілеттері де жеті.

Пайдаланылған көздер тізімі

- 1 Аймауытұлы Ж. Психология. - Алматы: Рауан, 1995-312 б.
- 2 Диваев Ә. Игры киргизская детей // Тургайская газета. - 1905. - №152.
- 3 Қалиұлы С.Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы: оқу құралы.- Алматы: Білім, 2003- 280 б.
- 4Мид М. Культура и мир детства. – М., 1988 -428 б.
- 5 Құлжанова Н. Халқыма деп іс-қылдым. - Алматы: Рауан, 1993-163 б.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ МӘРТЕБЕСІ.

Төлегенов А.И.

Сейданова А.Д.

Қорқыт Ата атындағы ҚУ аға оқытушысы, Қызылорда қ.

Аннотация. Қазақ күресінің даму тарихы қазақ халқының тамыры тереңнен тартылатын тарихымен тұтасып жатыр. Бұл мақалада қазақ күресінің ертеректегі тарихы мен қазіргі жағдайы баяндалады. Әсіресе қазақ күресінің қазіргі мәртебесі мен әлемдік рейтингтегі маңыздылығы айтылады. Қазақ күресіне байланысты әлемдік деңгейдегі жарыстар мен турнирлер, қазақ күресінің техникасы мен тактикасы туралы сипаттама келтірілген.

Кілт сөздер: қазақ күресі, балуан, Қазақстан барысы, әлем барысы, шапан, кимано, берен.

Annotation. The history of the development of Kazakh wrestling is intertwined with the history of the Kazakh people, rooted in the depths. This article describes the history and current state of the Kazakh wrestling. The current status and importance of Kazakh wrestling in the world ranking is especially emphasized. Descriptions of world-class competitions and tournaments on "Kazakh kuresi", techniques and tactics of "Kazakh kuresi" are given.

Keywords: Kazakh kuresi, wrestler, "Kazakhstan barysy", "alem barysy", Cape, kimano, beren.

Халықтық ойындардың ішінде, қандай елде болмасын, спорттық күрес айрықша орын алады. Әр ел өздерінің төл күрестерінде әртүрлі әдістерін қолданады.

Қазақ күресі — Қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрлі дене ойындарының бір түрі. Бұл күрес түрі бүгінгі таңда Еуразия құрлығындағы барлық дәстүрлі күрес